

Жаңадан қабылданған балалармен кездесу

1. Сәлемдесу, таныстыру.
2. Балабақшаны таныстыру – ... ғимараттан тұрады – оның әрқайсысында ... павильон бар, балалар жас ерекшеліктері бойынша класс-класқа бөлінеді, балабақша – Білім беру заңына сәйкес келетін мектеп (біз мұғалімдерді шақырғанда, есіміне “ұстаз” деген сөзді қосамыз) – мұғалімдер негізгі демалыста және оқу жылының барысында 8 апталық демалысқа шығады – балабақша демалыс күндері жабық болады.
3. Балабақша веб-сайты: [www cz](http://www.....cz); осы веб-сайттан ата-аналар өздеріне керекті ақпараттың барлығын таба алады, сондай-ақ бізге тікелей хабарласуға да болады (ішікір, білім беру орталығының бағалары және мектеп қызметтері, мектеп ережелері)
4. **Балабақшаға қабылдау** – Бейімделу – Төмендегі талаптарды орындаса, ата-аналарға оңайырақ болады:
 - өз балаларын балабақшамен қорқытпауы керек
 - өздерінің күнделікті режимін балабақшаға бейімдеуі керек
 - балалар үшін шектеу орнату – балаларды ұруға болмайды, бірақ олардың белгілі бір ережеге бағынуы керектігін тұрақты әрі шыдамдылықпен айтып отыру керек, шектеу қою = қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі қажеттілігі
 - стрестік жағдайларды болдырмау – қасықпен жей алмайды, дәретханаға бара алмайды, шынаяқтан іше алмайды, сыртта 2 сағат жүре алмайды
 - балаларға тиесілі **барлық** затты белгілеңіз немесе ен салып қойыңыз, оған үйден алып келген ойыншықтар да кіреді, ондай заттарға балабақша жауапты емес
 - олар балаларды аз-аздан бейімдейді (алғашқы күндері үйге түскі астан кейін кетіп қалады)
 - олар бірізділікті сақтайды және балаларға өтірік айтпайды (егер олар баланы түскі астан кейін алып кете алмаса, оларға шындықты айтады)
 - олар балаларын балабақшада ұзақ уақытқа қалдырып кетпейді
 - қыркүйек айында балабақшаға келе бастау – директормен келіскен жағдайда, балабақшаға кешірек келе бастауға болады, бірақ мектеп ақысын төлеп тұру керек. Бала қыркүйек айында мектепке келмесе және мектеп ақысы төленбесе, балабақшаға деген қызығушылықтың жоқтығы деп түсініп, орнына басқа баланы қабылдаймыз.
 - балабақшаға бейімделу – **жастан .. жасқа дейін** – қызылқоңыздар (гүлдер т.б.) **сыныптарына балалар демалыстан кейін барады** (тағайындалған орындар дайындық аптасына дейін интернет беттерінде жарияланады). Тек бір ересек адаммен бейімдеу. Ата-аналар балалармен ойнайды (қарап тұрмайды) – сіз ата-ана клубында емессіз. Балалармен, олар ойыншықтарын жинайды. Бейімделу міндетті емес, бірақ ұсынылады (себебі жаңа белгісіз жұмыс орны). Балалар ішке кетін аяқ киімдерін өздері әкеледі – қауіпсіздік.
 - Оқу жылының басталуы 20 ../ .. –қыркүйек
 - Егер демалысқа шығып бара жатсаңыз, бірнеше күн үшін баланы стрестік жағдайға түсірудің керегі жоқ
 - Балаларды табыстау – егер бала жылайтын болса немесе балабақшаға барғысы келмейтінін айтып байбалам салса, оны жұбатыңыз, қажет болған жағдайда, мұғалімнен көмек сұраңыз. Ол баланы сыныпқа алып кіреді. Әдетте балалардың ашуы тез басылады.
5. Балабақшадағы **күнделікті кесте** – таңғы 08:00-де **келу керек** (түскі асты жоспарлау, ғимаратты құлыптау), кешігіп келу жағдайлары бір күн бұрын немесе телефон арқылы ескертілуі керек, таңғы 08:30-ға дейін **таңғы ойындар** – Чех Республикасы үкіметі тарапынан расталған құжат болып табылатын Мектепке дейінгі білім беру жүйесіне арналған бағдарлама негізіндегі сынып жұмысына сәйкес, бұл ойындар баланың түрлі қабілетін жетілдіреді. **Балалар жаттығулары** – баланың денсаулығына пайдалы күнделікті ойындар және дайындық жаттығулары. **Таңғы бесіндік** – джем немесе май жағылған нан, міндетті түрде жемістер немесе көкөністер және сусын. **Білім беру жаттығулары** – балалар басқалармен жұмыс істеу үшін ойын негізіндегі жаттығуларды жасайды, осылайша ұсақ және жалпы моторикалық қабілеттерін дамытады, түрлі материалдармен ойнайды. **Сыртқа шығу** – ауа-райы жақсы

- болғанда (қатты жаңбырда немесе аязда сыртқа шықпайды) – балаларға ауа-райына лайықты киім кигізу керек (құм алаңы мен ойын алаңына арналған – балалар әдетте үстілерін кір қылып алады). **Түскі ас** – гигиеналық стандарттар мен тұтынушы пакетіне сәйкес сұйық тамақ, негізгі тамақ, сусын, көкөністен жасалған салат, кейде компот беріледі. Балалар әдетте үйде ештеңе жемейді. Сусын немесе тамақ. **Ұйықтау** – мұғалім әрдайым бір оқиғаны оқып береді. Мұғалім үйіне қайтқанға дейін **Екінтілік және ойындар** – мануалдық қабілетті дамытатын индивидуалдық жаттығулар, сыртқа шығу.
6. **Балабақшаға қажетсіз қоңырау шалмаңыз** – балалармен жұмыс істеп жатқанда, қоңыраулар мұғалімдерді алаңдатады, барлық сыныпта мобильдік телефондар бар – мәтіндік хабарлама жіберіңіз.
 7. **Мектепке дейінгі міндетті білім алу** – 5 жасқа толған балалар (негізгі немесе қосымша демалыс уақытынан басқа күндері) күніне кемінде төрт сағат мектепте болуы керек, бала мектепке келе алмайтын болса, ол туралы тікелей, телефон арқылы, пошта арқылы ескерту керек – Ескертпе: мектепке келмеген жағдайда, балалардың заңды және әлеуметтік құқығын қорғау органдарына хабарланады.
 8. **Балалар үшін кешірім сұрау** – 1–5 күн үшін кешірім сұрау керек емес; жоспарлы кешірім сұрау киім шешетін бөлмедегі дәптерге жазылады.
 9. **Балабақшада балаңызға не керек:** іште киіп жүретін аяқ киім (тәпішке немесе кроссовка емес), сырт киім, ауыстыруға арналған киім, қағаз сүлгілер, кішкентай кружка.
 10. **Балаларды алып кету** – түскі астан кейін, яғни сағат 12:00-де, ұйықтап тұрғаннан кейін сағат 14:20-да. Балаларды ата-аналары және рұқсат қағазда көрсетілген тұлға алып кете алады. Баланы түскі астан кейін алып кететін болсаңыз, ол туралы мұғалімге таңертең (балалардың барлығы толық күнге қабылданады) немесе сабақ барысында ескертілуі керек.
 11. **Балабақша төлемі** – білім беру құны айына 360 чех кронасы, баланың қанша күн келгеніне тәуелді емес, сонымен қатар күніне 33 чех кронасы тамаққа (оған 2 бесіндік, түскі ас, күні бойы ішетін сусыны кіреді) төленеді. Тамақтың ақшасы да, мектептік төлемақысы да әрбір айдың 15-не дейін төленуі керек. Төлемдер банк аударымы арқылы қабылданады. Асхана басшысы шот нөмірін береді және сіздің балаңызға айнымалы таңба тағайындайды, төлемді кімнің жасағанын анықтау үшін сол таңба көрсетіледі. Төленуі қажет сомалар айдың басында киім ілетін бөлмедегі тақтада және мектептің веб-сайтында көрсетіліп тұрады (www.....cz, ұйым туралы ақпарат, төлемдер және төлем сомалары).
 12. **Балалар ауырып қалған жағдайда** – ауырып немесе жарақат алып қалған жағдайда, тиісті нөмірге хабарласуыңыз керек. Қоғамдық денсаулық сақтау туралы 258/2000 заң талаптары бойынша инфекциялық ауру белгілері (тұмау және грипп) байқалған немесе биті бар балалар басқа балалардан дереу оқшаулануы керек.
 13. **Балалардың қауіпсіздігі** – Заңды өкіл немесе рұқсаты бар адам баланы алып кеткенге дейін баланың қауіпсіздігі үшін балабақша жауапты болады. Мектептің айналасындағы алаң қоғамдық орын емес, сондықтан баланы алып кеткеннен кейін, балалар мен ата-аналар ол жақта қала алмайды.
 14. **Балабақша айналасының тазалығы** – балабақшаның айналасын таза ұстауға көмектесуіңізді сұраймыз (итті қыдыртпау, қоқыс тастамау) – балаларға айналаны таза ұстауды үйретеміз, сіз де солай үлгі көрсеткеніңіз жөн.
 15. **Балабақшадағы тамақ** – мұғалімдер балаларға зорлап тамақ ішкізбейді, бірақ балалардың тамақты ауыз тиіп көруіне көндіруге тырысады, ол мектеп ережелеріне сай келетін диеталық тағам.
 16. **Балабақшадағы баланы сақтандыру** – балабақша арқылы сақтандырылған, мұғалім кінәлі болмаса, сақтандырушы компания залалға ақша төлемейді, балаңыздың өмірін сақтандырып қойыңыз.
 17. **Балабақшадағы ойыншықтар** – ұйықтауға арналған жұмсақ ойыншықтар ғана, таңбаланған, балабақша үйден әкелген ойыншықтарға жауапты емес.
 18. **Түстен кейін ата-аналармен бірге жасалатын спорттық жаттығулар** – сағат шамасында – CZK 50 – ойындар, мектеп алаңындағы жарыстар, мектеп қызметкерлерінің ата-аналармен бейресми жиналысы.
 19. **Талқылау**

Орны, күні.....
Жиналысты жазып алып, жүргізген: